

2011 жылға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында халықтың мақсаттық тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімін орнату туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 3 желтоқсандағы N 523 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 13 желтоқсанда N 13-9-126 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы N 50 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2012.01.25 N 50 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында халықтың мақсаттық тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімі орнатылсын:

- 1) колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері;
- 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 3) 50 жастан асқан тұлғалар;
- 4) он екі ай және одан да артық жұмыс істемеген, тұлғалар;
- 5) Семей ядролық полигонда жүргізілген сынақтардың нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар, Чернобыль атомдық электр станциясын жоюға қатысқандар;
- 6) мүгедек баланы асырап жатқан ата-аналар;
- 7) мамандығы жоқ тұлғалар, жұмыс іздеушілер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Т. Есдәулетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

А. Қабдөшев